

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 13 маусым 1994 ж. N 1731. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстарды қысқарту , олардан шаруашылық функцияларын ажырату, біртұтас мемлекеттік саясат жүргізу және көлік пен байланыстың барлық түрлерінің қызметін реттеу мақсатында қаулы етемін :

1. Таратылып отырған Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің және Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің негізінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан туындайтын қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 13 маусым

N 1731